

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
«Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік мекемесі  
Экологиялық мониторинг департаменті



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жыл мамыр

Астана, 2026 ж

	<b>МАЗМҰНЫ</b>	
	Алғы сөз	3
<b>1</b>	Атмосфералық ауаның сапасы мониторингі	4
<b>1.1</b>	Атмосфералық ауаның сапасын бағалау	4
<b>2</b>	Жер үсті сулары сапасы мониторингі	5
<b>2.1</b>	Жер үсті сулары сапасын бағалау	6
<b>3</b>	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы	9
<b>4</b>	Қазақстан Республикасы аумағындағы 2025-2026 жж. қар жамылғысының химиялық құрамы	10
<b>5</b>	Атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны	10
<b>6</b>	Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер*	12
	<b>Қосымша 1</b>	14
	<b>Қосымша 2</b>	15
	<b>Қосымша 3</b>	15
	<b>Қосымша 4</b>	16
	<b>Қосымша 5</b>	18
	<b>Қосымша 6</b>	18

## АЛҒЫ СӨЗ

Ақпараттық бюллетень Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдар мен халықты ақпараттандыруға арналған

«Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингі дамыту» 039 бюджеттік бағдарламасының «Қоршаған орта жай-күйіне бақылау жүргізу» 100 ішкі бағдарламасы шеңберінде құрылады.

Бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Қалалар мен облыстар бөлінісінде ҚР Қоршаған орта объектілері сапасының жай-күйіне мониторинг жүргізу нәтижелері «Қазгидромет» РМК [www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz) ресми сайтында Қазақстан Республикасы өңірлердің қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетендерінде орналастырылған.

2019 жылдан бастап жеке желілерді ұйымдастырушылар ҚР ЭТРМ келісімі бойынша жеке автоматты станциялар/датчиктердің көмегімен Қазақстанның атмосфералық ауасының сапасын өлшеуді жүзеге асырады және мониторинг нәтижелері AirKz мобильді қосымшасына және «Қазгидромет» РМК интерактивті картасында көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Қазгидромет» РМК жоғарыда көрсетілген ақпараттық желісіне Қазақстанның жеке желілерінің 14 станциясының/өлшеу датчиктерінің деректері интеграцияланған.

## 1. Атмосфералық ауаның сапасы мониторингі

Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаның экологиялық мониторингі жүйесі шеңберінде жүзеге асырылды және 174 бақылау бекетінде 69 елді мекенді қамтыды, оның ішінде 45 – қол күшімен сынама алу және 129 – автоматты (1-қосымша).

Атмосфералық ауаны бақылау лақтаушы заттардың кең спектрін қамтиды: *PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, шаң, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, формальдегид, фенол, сондай-ақ ауыр металдар (кадмий, мыс, мышьяк, қорғасын, хром, никель, мырыш) және арнайы лақтаушы заттар.*

Олардың құрамын бағалау «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтерге» сәйкес жүргізіледі (2-қосымша).

### 1.1. 2026 жылғы мамырдағы атмосфералық ауа сапасын бағалау

Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауаның сапасын бағалауды реттейтін негізгі нормативтік құжат «Қазақстан Республикасының атмосфералық ауасының ластануына мониторингі ұйымдастыру және жүргізу» нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 жылғы № 624-Ө Бұйрығы) (3-қосымша) болып табылады.

2026 жылдың мамыр айында 69 елді мекеннің ішінен атмосфералық ауаның ластануының төмен деңгейіне 33 елді мекен, көтеріңкі деңгейге – 22 елді мекен, жоғары деңгейге – 12 елді мекен, өте жоғары деңгейге – 2 елді мекен жатқызылды (1-кесте).


Кесте 1

#### Елді мекендер бойынша ауаның ластануы

Ластану деңгейі	Елді мекендердің атауы
Төмен	<b>33 елді мекен:</b> Көкшетау, Орал, Тараз, Қызылорда, Екібастұз, Атбасар, Жаңаөзен, Ақсу, Ақсай, Жаңатас, Қаратау, Кентау, Лисаков, Саран, Степногорск, Шемонаиха, Щучинск, Құлсары, Алтай қалалары, Әйтеке би, Ақсу, Әуезов, Бестөбе, Бурабай, Глубокое, Бейнеу, Састөбе, Төретам, Қордай ауылдары, Ақай, Бөрлі, Мақат, Шиелі кенттері
Көтеріңкі	<b>22 елді мекен:</b> Ақтөбе, Атырау, Шымкент, Ақтау, Қостанай, Павлодар, Риддер, Талдықорған, Жаркент, Балқаш, Рудный, Арқалық, Жітіқара, Арал, Шу, Аягөз, Қандыағаш, Хромтау қалалары, Жанбай а., Индербор, Кенкияк, Қызылсай кенттері
Жоғары	<b>12 елді мекен:</b> Алматы, Өскемен, Петропавл, Жезқазған, Теміртау, Абай, Сәтбаев, Түркістан, Талғар, Астана, Семей қалалары және Ганюшкино кенті
Өте жоғары	<b>2 елді мекен:</b> Қарағанды қаласы, Шұбаршы кенті

Атмосфералық ауадағы негізгі ластанушы заттар – қалқыма бөлшектер (шаң), қалқыма бөлшектер PM-2,5, қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртсутек, фенол.

Есептік кезеңде ластану деңгейі жоғары елді мекендердің саны алдыңғы кезең деңгейінде сақталды. Сонымен қатар, ластанудың өте жоғары деңгейімен сипатталатын елді мекендер санының төмендеуі байқалады. Ластану деңгейі төмен және жоғары елді мекендердің саны іс жүзінде өзгеріссіз қалды (1-сурет).



1-сурет. 2025 және 2026 жылғы мамырдағы елді мекендердің саны бойынша атмосфералық ауа мониторингінің нәтижелерін салыстыру

## 2. Жер үсті су сапасының мониторингі

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау **357** гидрохимиялық тұстамада орналасқан **131** су объектісінде жүргізілген, олар: **87** өзен, **29** көл, **11** су қоймасы, **3** арна және **1** теңіз (4 қосымша).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **60-қа** дейін физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ<sub>5</sub>, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары аумақтарындағы **32** су объектісінде жүргізілді. Сыналатын объектіге зерттелетін судың жедел уыттылығын анықтау үшін **95** тұстамадағы су сынамалары талданды.

## 2.1 2026 жылғы мамырдағы жер үсті суларының сапасын бағалау

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі - Бірыңғай сыныптау) болып табылады.

2 кесте

### ҚР су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша

Су сапасының сыныбы*	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2026 жылғы мамыр айындағы су объектілері және сапа көрсеткіштері
<b>1 сынып</b> <i>(өте жақсы сапа)</i>	- бұл кластағы жер үсті сулары су пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) арналған.	<b>5</b> су объектісі (5 өзен): Ақсу (Түркістан облысы), Арасан, Қаттабұғын, Түрген, Қаратал өзендері.
<b>2 класс</b> <i>(жақсы сапа)</i>	Адам іс-әрекетінен аз дәрежеде әсері тиген және суды пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) жарамды жер үсті сулары. Ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін қарапайым су дайындау әдістері қажет.	<b>3</b> су объектісі (3 өзен): Шілік (жалпы фосфор) өзені, Есік (жалпы фосфор), Қаскелен (жалпы фосфор) өзендері.
<b>3 сынып</b> <i>(орташа ластанған)</i>	-суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін тазартудың неғұрлым тиімді әдістері қажет. Суды пайдаланудың барлық басқа санаттары үшін (рекреация, суару, өнеркәсіп) осы кластың түрлері шектеусіз жарамды.	<b>36</b> су объектісі (33 өзен, 1 арна, 4 су қоймасы): Ертіс (Павлодар облысы) (жалпы темір, мыс), Усолка (жалпы темір, мыс), Сырдария (сульфаттар, магний, минералдану, жалпы темір, мыс), Бадам (сульфаттар), Арыс (ОБТ5, сульфаттар), Кіші Алматы (магний, мыс), Есентай (жалпы темір, мыс, мұнай өнімдері), Үлкен Алматы (мыс), Іле (мыс, жалпы фосфор), Баянкөл (жалпы фосфор), Текес (аммоний ионы, жалпы фосфор, мыс), Қорғас (жалпы фосфор), Қарқара (аммоний ионы), Талғар (мыс), Темірлік (мыс, жалпы темір), Лепсі (мыс), Ақсу (Алматы облысы) (мыс), Жайық (ОБТ5, ОХТ, жалпы фосфор, магний), Перетаска (ОБТ5, ОХТ, магний), Яик (ОБТ5, ОХТ), Шаронова (ОБТ5, магний), Қиғаш (магний), Үржар (марганец, мыс), Маховка (аммоний ионы, жалпы темір, магний, марганец, мыс, фосфаттар), Ащылыайрық (аммоний ионы, магний, мыс,

		<p>сульфаттар), Жабай (аммоний ионы, ОБТ5, магний, мыс, жалпы фосфор, ХПК), Деркөл (жалпы фосфор, магний, ОБТ5, жалпы темір), Ембі (Атырау облысы) (ОХТ, ОБТ5, магний), Сарыөзен (ОБТ5, магний), Қараөзен (жалпы фосфор, ОБТ5, жалпы темір, магний), Елек (Батыс Қазақстан облысы) (ОБТ5, магний, жалпы фосфор), Ойыл (ОХТ, магний, сульфаттар, аммоний ионы, мыс), Қошым арнасы (жалпы фосфор, ОБТ5), Астана су қоймасы (магний), Кеңгір су қоймасы (ОХТ, магний, марганец, мыс, сульфаттар, құрғақ қалдық, минералдану), Шардара (сульфаттар), Қапшағай (мыс).</p>
<p><b>4 сынып (ластанған)</b></p>	<p>-суды пайдаланудың осы класындағы сулар гидроэнергетика, тау-кен өндірісі, гидротранспортты қоса алғанда, суару және өнеркәсіптік су пайдалану үшін ғана жарамды. Суды пайдаланудың осы класындағы суды ауыз су-шаруашылық мақсатына пайдалану үшін су қабылдағыштардағы суды қарқынды (терен) дайындау қажет.</p>	<p><b>32</b> су объектісі (27 өзен, 2 арна, 3 су қоймасы): Талас (ОХТ), Ақсу (Жамбыл облысы) (ОХТ), Шу (ОХТ), Бұқтырма (қалқыма заттар, мырыш), Брекса (жалпы темір, қалқыма заттар, мырыш), Шарын (аммоний ионы), Оба (мырыш), Аягөз (қалқыма заттар), Секисовка (жалпы темір), Торғай (ОБТ5), Желқуар (қалқыма заттар), Ақбұлақ (аммоний ионы), Беттібұлақ (аммоний ионы), Сілеті (қалқыма заттар), Шағалалы (ОБТ5), Шаған (жалпы фосфор), Шыңғырлау (жалпы фосфор), Елек (Ақтөбе облысы) (қалқыма заттар, аммоний ионы, хром (VI), фенолдар), Темір (фенолдар), Орь (қалқыма заттар, фенолдар), Қосестек (фенолдар), Үлкен Қобда (қалқыма заттар), Қара Қобда (қалқыма заттар), Ырғыз (фенолдар), Ақтасты (қалқыма заттар, фенолдар), Қарғалы (қалқыма заттар, фенолдар), Ембі (Ақтөбе облысы) (фенолдар), Қ.И. Сәтбаев атындағы арнасы (қалқыма заттар), Нұра–Есіл арнасы (магний), Тасөткел су қоймасы (ОХТ), Қаратомар (ОБТ5), Жоғарғы Тобыл (қалқыма заттар).</p>
<p><b>5 сынып (өте ластанған)</b></p>	<p>-бұл кластағы суларды тек өнеркәсіптік суды пайдалану және суару мақсаттары үшін тұндыру карталарында</p>	<p><b>10</b> су объектісі (9 өзен, 1 су қоймасы): Асса (қалқыма заттар), Қарабалта (сульфаттар, құрғақ қалдық, минералдану), Нұра</p>

	тұндыру әдістерін қолдану кезінде пайдалануға болады.	(Қарағанды облысы) (қалқыма заттар), Қара Кеңгір (минералдану, құрғақ қалдық), Ертіс (Шығыс Қазақстан облысы) (қалқыма заттар), Тихая (мырыш), Үлбі (қалқыма заттар), Үй (қалқыма заттар), Есіл (Ақмола облысы) (қалқыма заттар) өзендері, Сергеевское су қоймасы (қалқыма заттар, фенолдар).
<b>6 сынып (жоғары ластанған)</b>	-бұл кластағы суларды тек гидроэнергетика, су көлігі мақсаттары үшін, су сапасының стандарттарын сақтауды қажет етпейтін пайдалы қазбаларды өндіру процестерінде пайдалануға болады. Басқа мақсаттар үшін суды пайдаланудың осы класындағы су ұсынылмайды.	<b>19</b> су объектісі (17 өзен, 2 су қоймасы): Нұра (Ақмола облысы) (жалпы темір, қалқыма заттар), Соқыр (аммоний ионы, хлоридтер), Шерубай-Нұра (аммоний ионы, хлоридтер), Тобыл (хлоридтер), Әйет (қалқыма заттар), Обаған (кальций, хлоридтер, минералдану), Тоғызақ (қалқыма заттар), Келес (қалқыма заттар), Қара Ертіс (қалқыма заттар), Глубочанка (қалқыма заттар), Красноярка (қалқыма заттар), Еміл (қалқыма заттар), Кіші Қарақожа (кадмий, мырыш), Есіл (Солтүстік Қазақстан облысы) (қалқыма заттар), Сарыбұлақ (хлоридтер), Ақсу (Ақмола облысы) (хлоридтер), Қылшықты (хлоридтер) өзендері, Самарқан су қоймасы (қалқыма заттар), Амангелді (қалқыма заттар).


2-кестеде ҚР жер үсті су объектілерін сапа сыныптары бойынша мониторинг нәтижелері бойынша бөлу 2026 жылғы мамыр көрсетілген.

Есепті кезеңде жер үсті су объектілерінің саны ең көп **3** сыныбына жатқызылады және объектілердің **36** құрайды. Нысандардың едәуір бөлігі **4** сыныбы – **32**.

Жер үсті су объектілерінің ең аз саны тіркелген **2 сынып** олардың саны сәйкесінше **5** құрайды.

Жалпы алғанда, жер үсті су объектілерінің сапа кластары бойынша таралуы есепті кезеңдегі су сапасының **тұрақты** жай-күйін сипаттайды.

ҚР жер үсті су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар тұз құрамындағы басты иондар (магний, хлоридтер минерализация, сульфаттар, фосфаттар), биогенді және органикалық қосылыстар (аммоний-ионы, жалпы фосфор, жалпы темір), ауыр металдар, бейорганикалық заттар (марганц, мырыш, мыс), қалқыма заттар, ОХТ, ОБТ<sub>5</sub>, фенолдар және мұнай өнімдері болып табылады.




2 сурет. 2025 және 2026 жылғы мамырдағы ҚР жер үсті сулары сапасының нәтижелерін салыстыру.

Осылайша, есепті кезеңдегі жер үсті су объектілері мониторингінің нәтижелері алдыңғы кезеңмен салыстырғанда сапа кластары бойынша айтарлықтай өзгеріссіз тұрақты ретінде сипаттайды (2-сурет).

### 3. 2026 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 47 метеостанцияда (МС) жүргізілді.



3-сурет. ҚР бойынша жауын-шашынның орташа иондық құрамы, %.

3-суреттен көрініп тұрғандай, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша сульфаттар 25,2 %, хлоридтер 11,1 %, нитраттар 3,4 %, гидрокарбонаттар 31,1 %, аммоний 1,1 %, натрий иондары 7,4 %, калий иондары 3,1 %, магний иондары 3,9 %, кальций иондары 13,6 % жауын-шашында басым болды.

#### 4. Қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 40 метеостанцияда (МС) жүргізілді.

Қазақстан Республикасының аумағы қар жамылғысында бойынша сульфаттар 18,5 %, хлоридтер 15,3 %, нитраттар 4,7 %, гидрокарбонаттар 37,2 %, аммоний иондары 1,2 %, натрий иондары 5,7 %, калий иондары 2,1 %, магний иондары 3,5 %, кальций иондары 11,8 % болды.

3-кестеде қар жамылғысынның құрамындағы жекелеген ластаушы заттардың сипаттамасы келтірілген.


Кесте 3

#### Қар жамылғысының химиялық құрамы


Көрсеткіш	Метеостанциядағы ең аз концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минерализация	Мыңжылқы МС – 15,71мг/дм <sup>3</sup>	Тобол МС – 328 мг/дм <sup>3</sup>
Электрөткізгіштік	Нұр-Сұлтан МС – 15 мкСм/см	Тайпақ МС – 150 мкСм/см
рН (сутегі көрсеткіші)	Көкшетау МС – 5,6	Джамбейты МС – 7,6
<b>Аниондар, мг/л</b>		
Сульфаттар (SO <sub>4</sub> )	Ганюшкино МС – 0,4	Щучинск МС – 47,5
Хлоридтер (Cl)	Пешной МС – 1,6	Щучинск МС – 63,1
Нитраттар (NO <sub>3</sub> )	Жағабұлақ МС – 0,7	Нұр-Сұлтан МС – 22,1
Гидрокарбонаттар (HCO <sub>3</sub> )	Мыңжылқы МС – 3,2	Ганюшкино МС – 87,8
<b>Катиондар, мг/л</b>		
Аммоний (NH <sub>4</sub> )	Тайпақ МС - 0,2	Тобол МС – 1,9
Натрий (Na)	Қаратау МС – 1,5	Щучинск МС – 11,2
Калий (K)	Мыңжылқы МС – 0,4	Щучинск МС – 5,3
Магний (Mg)	Шымкент МС - 0,5	Щучинск МС – 11,3
Кальций (Ca)	Мыңжылқы МС – 1,8	Щучинск МС – 18,4
<b>Микроэлементтер, мкг/л</b>		
Қорғасын (Pb)	Нұр-Сұлтан МС – 0,0	Жезқазған МС – 269,2
Мыс (Cu)	Щучинск МС – 0,0	Жезқазған МС – 970,9
Күшән (As)	Нұр-Сұлтан МС – 0,0	Жезқазған МС – 67,2
Кадмий (Cd)	Щучинск МС – 0,0	Жезқазған МС – 5,4

#### 5. Радиациялық жағдай

Қазақстан Республикасы аумағында гамма-фон (экспозициялық мөлшердің қуаттылығы) күн сайын 17 облыстың 89 метеорологиялық станциясында және 9 автоматты бекетте жүргізілді, ал атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау ауа сынамасын бес тәуліктік циклды горизонтальді планшеттер көмегімен алу 43 метеорологиялық станцияда жүзеге асырылды (сурет 5).




Сурет 5. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық гамма-фон деңгейін және радиоактивті түселердің тығыздығын байқауға арналған метеостанциялардың орналасу картасы



Сурет 6. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 2026 жылғы мамыр айында гамма-белсенділіктің (экспозициялық доза қуатының) өзгеруі

Жетісу облысында ең жоғары мән (0,41 мкЗв/сағ) байқалды. Ең төменгі мән (0,02 мкЗв/сағ) Қызылорда және Ақтөбе облыстарында белгіленді.

Қазақстан Республикасы бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,13 мкЗв/сағ құрады, бұл нормативтік мәннен 0,57 мкЗв/сағ аспайды (сурет 5).



Сурет. 7. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 2026 жылғы сәуір айында тәулігіне радиоактивті түсулердің тығыздығы, Бк/м<sup>2</sup>

Ең төменгі орта деңгей (1,3 Бк/м<sup>2</sup>) Ақмола облысында байқалды. Абай облысында жоғары көрсеткіш — 3,3 Бк/м<sup>2</sup>. Қазақстан Республикасы бойынша орташа радиоактивті түсулердің тығыздығы 2,0 Бк/м<sup>2</sup> құрады, бұл нормативтік деңгейден 110 Бк/м<sup>2</sup> төмен (сурет.7).

## **6. Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер\***

2024 жылғы 12 сәуірдегі № 323-ө бірлескен бұйрығына сәйкес «Қазгидромет» РМК қажетті шараларды қабылдау үшін қоршаған орта объектілерінің жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары туралы мемлекеттік органдарды жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Хабарламалар ҚР ЭТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Экология департаментіне, ҚР ТЖМ Төтенше жағдайлар департаментіне, Облыстық денсаулық сақтау басқармасына, ҚР ДСМ СЭБК санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне және тиісті облыстардың әкімдіктеріне жіберіледі.

**Атмосфералық ауаның жоғары ластануының (ЖЛ) 28 жағдайы**, оның ішінде: Ақтөбе облысында, Шұбаршы кентінде – 28 ЖЛ жағдайы тіркелді .

2026 жылғы мамыр айындағы Қазақстан Республикасы **жер үсті суларында жоғары және экстремальді жоғары ластану жағдайлары тіркелген жоқ.**

*\*ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары және қабылданған шаралар туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК ресми сайтында «Экология» бөлімінде көрсетілген.*

**Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау бекеттерінің тізбесі**

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны		№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	
		Қол-күшімен сынама алу	Автоматты бақылау бекеті			Қол-күшімен сынама алу	Автоматты бақылау бекеті
1	Астана	4	6	36	Орал		4
2	Көкшетау		2	37	Ақсай		1
3	Атбасар		1	38	Бөрлі		1
4	Степногорск		1	39	Қарағанды	4	3
5	Щучинск		1	40	Абай		1
6	Бурабай а.		2	41	Балқаш	3	1
7	Ақсу а.		1	42	Жезқазған	2	1
8	Бестөбе а.		1	43	Саран		1
9	Ақтөбе	3	3	44	Сәтпаев		2
10	Қандыағаш		1	45	Темиртау	3	1
11	Хромтау		1	46	Қостанай	2	2
12	Шұбаршы		1	47	Арқалық		1
13	Кенкияқ а.		1	48	Лисаковск		1
14	Алматы	4	12	49	Жітіқара		1
15	Талғар		1	50	Рудный		2
16	Талдықорған		2	51	Қызылорда	1	2
17	Жаркент		1	52	Арал		1
18	Атырау		7	53	Әйтеке би к.		1
19	Кұлсары		2	54	Төретам		1
20	Жанбай а.		1	55	Ақай к.		1
21	Индерборский к.		1	56	Шиелі к.		1
22	Мақат а.		1	57	Ақтау	2	2
23	Ганюшкино к.		1	58	Жанаөзен		2
24	Өскемен		10	59	Бейнеу а.		1
25	Алтай		1	60	Павлодар	2	5
26	Аягөз		1	61	Ақсу		1
27	Риддер		3	62	Екібастұз	1	1
28	Семей		4	63	Петропавлов	2	2
29	Шемонаиха		1	64	Шымкент	4	2
30	Әуезов к.		1	65	Кентау		1
31	Глубокое к.	1	1	66	Түркістан		3
32	Тараз	4	1	67	Састөбе к.		1
33	Жанатас		1	68	Қызылсай к.		1
34	Қаратау		1	69	Қордай а.		1
35	Шу		1				

Қосымша 2

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары  
(ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м <sup>3</sup>		Қауіптілік класы
	максималды бір ретті	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м <sup>3</sup>	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН

Қосымша 3

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Дәрежесі		Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір жылғы бағалау
	Атмосфераның ластануы			
I	Төмен		СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі		СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары		СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары		СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

"Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының ластануы мониторингін ұйымдастыру және жүргізу" нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 ж. №624-Ө бұйрығына 1-қосымша

## 2026 жылғы сәуірдегі су объектілерінің тізімі

Өзен		Көл	Су қоймасы	Арна
1. өз. Қара Ертіс	51.өз. Обаған	1. Щучье көлі	1. Сергеевское	1. Нура -Есіл
өз. Ертіс (ШҚО)	52.өз. Желқуар	2. Бурабай көлі	2. Қапшағай	2. Көшім
өз. Ертіс (Павлодар обл.)	53. өз. Іле	3. Қопа көлі	3.Астаналық	3. Қ.Сәтбаев атындағы
2. өз. Бұқтырма	54. өз. Кіші Алматы	4.Үлкен Шабакты көлі	4.Кенгір	
3. өз. Брекса	55. өз. Үлкен Алматы	5.Кіші Шабакты көлі	5.Самарқан	
4. өз. Тихая	56. өз. Есентай	6. Зеренді көлі	6.Тасөткел	
5. өз. Үлбі	57. өз.Шарын	7. Майбалық көлі	7.Қаратомар	
6. өз. Глубочанка	58. өз.Шілік	8.Қатаркөл көлі	8.Аманкелді	
7. өз. Красноярка	59. өз.Түрген	9.Текекөл көлі	9.Жоғарғы Тобыл	
8. өз. Оба	60. өз. Текес	10. Жүкей көлі	10.Шардара	
9. өз. Емел	61. өз. Қорғас	11.Сұлтанкелді көлі	11.Шортанды	
10. өз. Аягөз	62. өз. Қаратал	12.Үлкен Алматы көлі		
11. өз. Үржар	63. өз. Ақсу (Алматы обл.)	13. Балқаш көлі		
12. өз.Секисовка	64. өз. Лепсі			
13. өз.Маховка	65. өз.Баянкөл			
14. өз.Кіші Қарақожа	66. өз.Қарқара			
15. өз.Арасан	67. өз. Талғар			
16. өз. Усолка	68. өз. Темірлік	14. Шолақ көлі		
17. өз. Жайық	69. өз. Есік	15. Есей көлі		
18. Перетаска тармағы	70. өз. Қаскелен	16.Қоқай көлі		
19. Яик тармағы	71. өз. Талас	17. Теніз көлі		
20. өз. Қиғаш	72. өз. Асса	18. Шалқар көлі		
21. Шаронов тармағы	73. өз. Шу	19.Шалқар көлі		
22. өз. Ембі	74. өз. Ақсу (Жамбыл обл.)	20.Билікөл көлі		
23. өз. Елек	75. өз.Қарабалта	21.Сұлукөл көлі		
24. өз. Ор	76. өз. Сырдария	22. Карасье көлі		
25. өз. Қарғалы	77. өз. Бадам	23.Арал теңізі		
26. өз. Темір	78. өз. Келес	24. Алакөл көлі		
27. өз. Шаған	79. өз. Арыс	25.Жайсан көлі		

28. өз. Деркөл	80. өз.Қатта Бугунь	26. Сабындыкөл көлі		
29. өз.Қараөзен	81. өз. Ақсу (Түркістан обл.)	27.Жасыбай көлі		
30. өз. Сарыөзен	82.өз. Қосестек	28.Талдыкөл көлі		
31. өз. Шыңғырлау	83.өз. Ырғыз	29.Торайғыр көлі		
32. өз. Нұра	84.өз. Қара Қобда			
33. өз. Қара Кенгір	85.өз. Үлкен Қобда			
34. өз. Шерубайнұра	86.өз. Ойыл			
35. өз. Соқыр	87.өз.Ақтасты			
36. өз. Есіл				
37. өз.Жабай				
38. өз. Беттібұлақ				
39. өз. Қылшықты				
40. өз. Шағалалы				
41. өз. Сілеті				
42. өз. Ақсу (Ақмола обл.)				
43. өз. Ащылыайрық				
44. өз. Ақбұлақ				
45. өз. Сарыбұлақ				
46. өз.Торғай				
47. өз. Тобыл				
48. өз. Әйет				
49. өз. Тоғызак				
50. өз. Үй				
<b>Барлығы 86 су объектісі: 83 өзен және 3 арна</b>				

## Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Күшала (жалпы нысан)	2,0
Сынап (жалпы нысан)	2,1

\* «Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ -32 бұйрығы

## Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері
Тиімді доза	Халық
	Кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес

\*«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ- 71 бұйрығы.



**«КАЗГИДРОМЕТ» РМҚ  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

**АСТАНА ҚАЛАСЫ  
МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАҢҒЫЛЫ, 11/1  
ТЕЛ. 8-(7172)-79-83-33**

**E [MAIL: ASTANADEM@METEO.KZ](mailto:ASTANADEM@METEO.KZ)**